

## Инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 желтоқсандағы N 1335 Қаулысы  
"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы  
Заңының 14-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І** :

1. "Флоат-технологиясы бойынша табақты шыны зауыты" инвестициялық жобасы бойынша "Компания Интергласс - Қазақстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін инвестициялық салықтық преференциялардың мынадай қолданылу мерзімдері белгіленсін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша - мемлекеттік қабылдау комиссиялары өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдаған күннен бастап 6 (алты) күнтізбелік жыл;

2) мүлік салығы бойынша - мемлекеттік қабылдау комиссиялары өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жыл.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*